«ЕУРАЗИЯЛЫҚ ГЕНДІК ҚОР» ғылыми-өндірістік білім беру орталығы

Астана қаласы
Абылайхан к., 5/1 үй, 181 пәтер
БИН: 160740008399
тел: 8(776)121-32-18
e-mail: genofond_eurasia@mail.ru
Web сайт: geurasia.kz

Научный производственно-образовательный центр «ГЕНОФОНД ЕВРАЗИИ»

город Астана
улица Абылайхана, дом 5/1, 181 кв
БИН: 160740008399
тел: 8(776)121-32-18
e-mail: genofond_eurasia@mail.ru
Web сайт: geurasia.kz

«01» қараша 2017 ж. №67 «01» ноября 2017 г.

БЕКІТЕМІН
«ЕУРАЗИЯЛЫҚ ГЕНДІК ҚОР»
ҒӨБҒ орталығының директоры
А.Сарсенов

Республикалық «Мутация – тірі табиғат індеті» атты мектеп оқушылары және ұстаздарға арналған қашықтықтан өткізілетін интернет байқауының

ЕРЕЖЕСІ

1. Байқаудың мақсаттары және міндеттері

❖ Білім алушыларды шығармашылық әрекетке тарту, дарынды балаларды анықтау және қолдау, оларды жеке ізденістерге, танымдық қызығушылықтарға ынталандыру;

❖ Еліміздің әр өңірлеріндегі мектеп оқушыларының, студенттердің арасындағы талантты жастарды анықтап оларды марапаттау;

❖ Гендік және геномдық, тұқым қуалаушылық, хромосомалық аурулардың, мутагендердің шығу себептерін, салауатты өмір салтын ұстануға үйрету.

2. Байқауға қатысушылар

2.1. Бақауға жалпы орта және қосымша білім беру мекемелерінің оқушылары қатыса алады. Олар келесі жас санаттары бойынша бөлінеді:

❖ Бірінші санат: 13-14 жас;
❖ Екінші санат: 15-16 жас;
❖ Үшінші санат: 17-18 жас;

2.2. Байқауға жалпы орта, лицей, гимназия және колледж мұғалімдері қатыса алады.

2.3. Топтық жұмыстар қабылданбайды.

3. Байқаудың тақырыптары және талаптары

(Берілген тапсырмалар барлық қатысушыларға ортақ. Тек бір тақырыпты таңдау арқылы жұмысты толық орындауға болады)

3.1. Өсімдіктер дүниесіндегі мутация. (PDF, WORD форматтарындағы жеке ізденістері 4 беттен жоғары, суреттерімен қоса алғанда. Қосымша видеоролик немесе POWER POINTпен бірге).

3.2. Зоологиядағы мутагендер және олардың пайда болу себептері. (Жеке ізденіс жұмыстары PDF, WORD форматтарында құрылып, суреттерімен қоса алғанда 5 беттен артық болмауы тиіс. Қосымша видеоролик немесе POWER POINTпен толықтыруға болады).

3.3. Адамзат тамырына балта шапқан мутациялық аурулардың (мутагендер,мутанттар) пайда болуы, алдын алу жолдары (Жеке ізденіс жұмыстары PDF, WORD форматтарында құрылып, суреттерімен қоса алғанда 5 беттен артық болмауы тиіс. Қосымша видеоролик немесе POWER POINTпен толықтыруға болады).

Жұмыстар қазақ және орыс тілінде қабылданады.

4. Бағалау өлшемдері

- Байқау жұмыстарының мазмұны тақырыпқа сай орындалуы;
- Байқаудың барлық тапсырмаларының толығымен орындалуы;
- Орындау тиянақтылығы мен жүргізілген жұмыстардың түпнұсқалығы;
- Жұмыстың орындалуы MS POWER POINT презентация түрінде ұсынылуы;
- Ізденіс жұмыстарының ауқымдылығы мен нәтижелілігі.

5. Байқаудың өткізу мерзімі және тәртібі

Байқау 2017 жылдың 01 қарашасынан бастап 2018 жылдың 10 қаңтарына дейін қабылданады. Көрсетілген уақыт мерзімінен кейін түскен және ережеге сәйкес келмеген жұмыстар қарастырылмайды.

Байқау қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары мен қатысушылардың сертификаттары байқауға қатысымның соңғы күнінен бастап, екі аптаның ішінде сұраныс парағында көрсетілген жетекшілердің электрондық поштасына жолданады. Марапаттамалардың тіркеу нөмірлері жалпы тізім бойынша мемлекеттік органдарға ресми хат есебінде жолданады.

Анықтама телефондары: 8 (776) 121 3218, 8 (747) 777 6240, 8 (701) 518 6176.

Байқауға қатысу үшін келесі түрде төлемақысы алынады:

Оқушылар үшін-1 000 (бір мың) теңге;

Мұғалімдер үшін-2 000 (екі мың) теңге;

Төлемақы барлық «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінде «5042» санды төлем коды арқылы жүргізіледі. Ұйымдастырушының барлық банк реквизиттері осы төлем кодына тіркелген. Банк комиссиясы 150 теңге құрайды.

Байқау ұйымдастырушының барлық банк реквизиттері «geurasia.kz» сайтының «контакты» бөлімінде көрсетілген. Банк комиссиясы қызмет көрсетуші банктің ішкі ережесіне сәйкес жүргізіледі.

Төлемақы тек банк қызметі арқылы аударуы көзделіп, өзге түрі қарастырылмаған (Qiwi электрондық қалтасы, webmoney және т.б. тиым салынады).

Байқауға қатысым үшін genofond_eurasia@mail.ru электрондық поштасына келесі құжаттарды жіберу қажет:

1. Сұраныс парағы 1-қосымшасына сәйкес;
2. Сканерден өткізілген төлемақы құжаты (түбіртек немесе төлем тапсырмасы);
3. Байқау жұмысы.

6. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздарды анықтау

Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Әділқазылар шешімі өзгермейді және қайта қарауға жатпайды.

Байқаудың жүлделі орындарына ие болған жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады. Орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Диплом алған жеңімпаздардың марапаттамаларында жетекшілерінің аты-жөндері көрсетіледі.

Байқаудың 1-ші қосымшасында көрсетілген барлық ұяшықтарды толық толтыру шарт.

ҮЛГІ

1-қосымша
«ЕУРАЗИЯЛЫҚ ГЕНДІК ҚОР»
ҒӨББ орталығының директоры
А.Сарсеновке

(кімнен?)_____
(бұл жерге қатысушының ата-анасы немесе ұстазы өз аты-жөнін, тел.нөмірін, электрондық поштасын және мекен жайы туралы жазады)

Республикалық «Мутация – тірі табиғат індеті» атты мектеп оқушылары және ұстаздарға арналған қашықтықтан өткізілетін интернет байқауына қатысуына
СҰРАНЫС

Қатысушының аты-жөні	Жасы, сыныбы	Облысы, қаласы, ауданы, оқу орны атауы	Жұмыс атауы	Жетекшісінің аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы, еңбек өтілі	Жетекшісінің байланыс телефоны, жеке электрондық поштасы
Сұлтанбек Арай	8 жас, 2 сынып	Павлодар облысы, Ақсу қ., №305 ЖОББМ мектебі	Мутация	Мирболат Айгүл Абайқызы, Павлодар облысы, Ақсу қ., №305 ЖОББМ мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, Еңбек өтілі 7 жыл.	Ұя.тел.: 8(775)111-22-33 Байланыс электрондық пошта: miss@inbox.ru
Данабекұлы Мирас	15 жас, 9 сынып		.....		

Сұранысты толтыру кезінде басшының қолы немесе әкімшіліктің мөрі қажет емес.
Құжатты электрондық түрде, қатесіз, толық аты-жөнін жазып, толтыру керек.
Себебі, мемлекеттік органдарға ресми хат жолдаған кезде «Байменова Р.С.» сияқты қысқартуларға жол берілмейді.